

"Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1994 жылғы 3 қараша N 214-ХІІІ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z941100_ жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы заңымен сәйкес келтірсін;

- Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының және жергілікті әкімдерінің аталған Заңға қайшы келетін қалыпты құжаттарын қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға

көмектесетін жаңа қалыпты құжаттар енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асырсын;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне 3 айлық мерзімде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң құжаттарын "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды табыс етсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы